Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

16 наурыз сейсенбі
№21 (1723)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

Ел аумағынан көптеген теміржол құрылысы жүргені белгілі. Атақты Түрксіб құрылысының өзі аңызға айналып, еңбек күшінің жетістігі бүгінге дейін зерттеліп келеді. Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бұл бағытты тұралатпай, біршама жоспар құрып, республикаішілік қана емес, еларалық қатынасты жақсартуға бел буды. Соның ішінде Жезқазған-Бейнеу және Арқалық-Шұбаркөл теміржол желілерінің құрылысы ғасыр жобасы саналады. Себебі жалпы ұзындығы 1200 шақырымды құрайтын теміржол тармағы Қызылорда, Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарын жалғап, мемлекттік көлік-логистикасының даму көрсеткішін көтерді.

ТАБИҒАТ ЖАРАСЫМ ТАПҚАН КЕЗ

Ел егемендікке ұмтылған сонау 1991 жылдың елең-алаңында Наурыз мейрамы жұртшылықпен ресми түрде қауышты. 1991 жылдың 15 наурызында Елбасы, сол тұстағы Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев арнайы жарлық шығарып, Наурыз мейрамы шын мәніндегі халықтық, ұлттық мерекеге айналды. Биыл бұл жарлықтың шыққанына да 30 жыл толып отыр.

1992 жыл

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Президентінің Жарлығы

Көктемгі халықтық Наурыз мейрамы туралы

Н. НАЗАРБАЕВ.

Наурыз мейрамы – табиғаттың шын мәнінде жарасым табатын кезі. Бұл күні ағайын-туыс, дос-жарандар бір-бірінің үйін аралап, ренжісіп қалған жандар болса кешіріп, үлкені кішіге ізет, кішісі үлкенге құрмет көрсететін, төс қағыстырып амандасып, саулық сұрасатын шақ.

Наурыз мерекесі қарсаңында ел ішін Қыдыр аралайды деген түсінік бар. Бұл өз алдына бөлек әңгіме. Бірақ Самарқанның көк тасы еритін күн тектен-текке – жыл басы саналмағаны белгілі. Бұл екі жүз не үш жүз жыл бұрын қолға алынған шаруа емес. Мұның тарихы тереңде. Кеңес үкіметі кезінде діни мереке саналып, көпке дейін тойланбай қалған. Тек туған елдің айбарын көтеріп, тәуелсіздікті жақындата түскен Желтоқсан оқиғасынан кейін екі жыл өткен соң мерекелене бастайды. Онда да қазақтың заңғар ұлдары Өзбекәлі Жәнібеков пен Мұхтар Шаханов бастама көтеріп, 1988 жылдан бері қайта тойлана бастады. Ал Елбасы жарлығы Наурызды шын мәнінде халықтық мерекеге айналдырды.

2 БЕТТЕ

2019 жыл

ЖЕЗҚАЗҒАН-БЕЙНЕУ – ҒАСЫР ЖОБАСЫНА БАЛАНҒАН ЖОЛ

Бұл – тәуелсіздік жылдарындағы ең ауқымды әрі күрделі темір жол жобасы. Бұған дейін теміржолдың дені кеңес кезеңінде салынғандықтан, оларды жөндеу жұмысына біршама қаржы мен уақыт талап ететін. Мысалы, бүгінге дейін ескі 2500 шақырым теміржол жаңадан салынып, республикадағы оңтүстік пен солтүстік, батыс пен шығысты байланыстыратын 1000 шақырым жол жаңарған екен. Сондықтан Жезқазған-Бейнеу және Арқалық-Шұбаркөл теміржол құрылысы ақсаған саланы аяқтан тұрғызып, тәуелсіздік жылдарындағы ең көлемді құрылысқа айналды

Ең басты ерекшелік, әрине, ауқымы. Құрылыс жұмысының өзіне 10 мыңға жуық жұмысшы тартылған болса, біткеннен кейін 3 мың адам тұрақты жұмыспен қамтылған. 46 көпір мен жол өтпесі салынды, 570 су өткізгіш құбыр төселді. 4200 шақырым электр желісі тартылып, өндірістік инфрақұрылым нысандары тұрғызылды.

Ғасыр жобасына баланған бастаманың ел болашағына әсері айтпаса да белгілі. Себебі аталған теміржол шеткері аймақтағы ауылдардың қаламен қатынасын жақсартып ғана қойған жоқ, мемлекеттік маңызды тауар айналымы мен экономикалық серпіліске жол ашты. Сондықтан Жезқазған-Бейнеу, Арқалық-Шұбаркөл теміржолдарын тәуелсіздіктің жарқын бастамасы деп атауға толық негіз бар

Сонымен, жаңа жол торабы шығыстан батысқа, оңтүстіктен солтүстіке дейінгі бұрынғы тасымал жолын қысқартып, Азиядан – Ресей мен Еуропаға, Каспий арқылы – Әзірбайжан, Гүржістан, Түркия және Оңтүстік Еуропаға, Түркіменстан арқылы – Парсы шығанағы тауар тасымалын жеңілдетті. Халықаралық жүк тасымалының қашықтық уақыты үш есе азайып, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсартуға да сеп болды. Оған қоса, жоба тұйық жолда қалған қалаларға жан бітіріп, теміржол маңайындағы өңірлердің дамуына ерекше жол ашуда. Мемлекеттік бастаманың тиімділігін бағамдаған кәсіпкерлер де тауар тасымалы бағытында жүйелі жоспар түзуге мүмкіндік алды. Осының бәрі күнібұрын жоспарланған мемлекеттік жобаның нәтижесі ғана емес, Қазақстан халқының дамыған елдердің қатарына кіру ынтасының жемісі секілді.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

БАҒДАР

МАМАНДЫҚТЫ АТА-АНА ТАҢДАМАСА ЕКЕН...

Білім берудің сапасын арттыру мен сапалы білім беру жүйесін құру мақсатында 2004 жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесі енгізілді. Ұлттық бірыңғай тестілеу – жалпы орта білім беру ұйымдарында оқушыларды қорытынды аттестаттаудың бір түрі.

2 БЕТТЕ

Талапкерлердің көбі мамандықты өзінің қызығушылығына сай емес, алған ұпайына қарай таңдайды. Нәтижесінде, мемлекет өз мамандығы бойынша жұмыс істегісі келмейтін талапкерге 4 жыл бойы қомақты қаржы жұмсайды. Статистикаға сүйенсек, елімізде жоғары оқу орнын бітірген түлектердің 60%-дан астамы дипломында жазылмаған басқа кәсіптің соңында жүр.

САРАПТАМА

БАЛАНЫҢ ВИРТУАЛДЫ ӘЛЕМІН БАҚЫЛАЙСЫЗ БА?

Ақпарат пен технология дамыған заманда оған тәуелдіміз. Жасы да, жасамысы да смартфон ұстап, ғаламторға телмірген уақыт. Заман талабына икемделген дұрыс-ақ, бірақ оның шырмауынан шыға алмай қалсақ ше?

Жалпы телефон құрылғысының зияны туралы жиі айтылады. Байланыс құралы аталғанымен мүмкіндігі шексіз техникадан бас көтеру мүмкін емес. Тіпті оған қанша уақытты сарп ететініміз де белгісіз. Ойын бөлмесең алаңсыз шұқшиып отыратындар бар. Әсіресе балалар сағаттап емес, тәулік бойы телміруге, тіпті ас-суын ішпеуге де бар. Бұл бүгінгі қоғамның өзекті мәселесіне айналды. Себебі ата-аналар балаға телефон ұстатып еркіндік берудің салдарын сезінуде. Қазір балалар арасында көз, буын, жүйке жүйесі ауруы көбейгенін айтып, дәрігерлер дабыл қағуда. Әсіресе жүйке жүйесі ауруы белең алған.

2 БЕТТЕ

АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?

ТУРИЗМІ ТҮЛЕГЕН, ӘЛЕУЕТІ АСҚАҚ АҚТӨБЕ

150 жылдық тарихы бар Ақтөбе – «Қазақстанның батыс қақпасы» саналатын ең маңызды аймақ. Өңірдің тоғыз жолдың торабында орналасуы тек көлік-логистика қызметіндегі жетістікке ғана емес, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, медицина, туризм секілді салалардың да алдыңғы орынға шығуына түрткі болды. Елдегі Ресей нарығына жол ашуға мүмкіндік беретін бірден-бір төте жол да осы «батыс қақпа» арқылы жүзеге асатыны белгілі. Осы орайда экономикалық-тұрмыстық әлеуеті мығым өңірдің маңызды орталығы мен тарихи-мәдени нысандарын оқырман назарына ұсынып көрейік.

3 БЕТТЕ

ТАБИҒАТ ЖАРАСЫМ ТАПҚАН КЕЗ

Ертеде осы күні ауыл ақсақалдары:

«Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын» – деген тілек айтып, қырғи-қабақ болып қалған ағайын-туысты, дос-жаранды бір дастарқанға отырғызып, дәм таттырып, табыстырған.

«Қыдыр қонсын басыңа,

Жақсы келсін қасыңа» – деп отбасын құруға шамасы келмеген жалғыз жүрген жетімдерді екеу қылып, өз алдарына жеке отау еткен. Мүмкіндігі шектеулі жандарды жақын туыстарына арнайы аманаттап тапсырған, күйеуі не әйелі өлген жандарды әмеңгерлік жолымен үйлендірген. Осылайша, жетімі мен жесірін жылатпаудың тамаша әрі тиімді жолын тапқан. Мұнымен қоса жастар жағы сауық құрып, алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Қазақтың көкпар, аударыспақ, қыз қуу, теңге ілу, ақ сүйек секілді басқа да ойындары ойналады.

Мақала дайындау барысында бірнеше адамның пікірін де білген едік. Біздің алғашқы кейіпкеріміз – қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайлаубай Әбішов ағамыз.

– Наурыз – қасиетті мереке. Жалпы бұл мейрамның сан ғасырлық тарихы бар. Күн мен түн теңелетін уақыт, төрт түлік мал төлдейтін, табиғаттағы барлық жәндіктер мен өсімдіктерге жан бітетін ай. Сол себептен де табиғаттың тылсымы мен ғалам ғажайыптарын терең ұғына білген ата-бабаларымыз бұл күнді жыл басы деп есептеген. Бұрынғылардың данышпандығы сонда жатса керек. Кеңес үкіметінің тұсында Наурыз мерекесін діни мейрам санап, тойлатпай қойған. Халықтың дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, салт-санасымен астасып, біте-қайнасып жатқан Наурыздың мән-мағынасын халық жете түсінді. 1988 жылы Өзбекәлі Жәнібеков пен Мұхтар Шаханов сол тұстағы Орталық комитеттің бірінші хатшысы Колбинге Наурыздың діни мереке еместігін дәлелдейді. Содан бері Наурыз халықтық мереке ретінде тойланып келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен бұл күн мемлекеттік мерекелердің тізіміне қосылды. Бұл мейрамның мәні де, мағынасы да терең екенін халқымыз жақсы ұғынады. Бұрындары үлкен кісілер наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні үйдің төріне Жаңа жыл табалдырықтан аттап, үйге енгенде, «жалғыз шала сәуле болмас» деп, төрге қос шырақ жағып қояды. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сеніммен Наурызға дейін үй ішіндегі жиһаз-мүліктің шаңы қағылып, жуылып тазартылады. Қора-жайлары ретке келтіріліп, ағаш егіліп, ескі-құсқылардан арылып, жер көктемгі егіске дайындала бастайды.

«Береке басынан басталады» демекші, «жыл басы жақсы басталса, аяғы да жақсы болады», «жыл бойы ақ мол, дән-тасқын, жауын-шашын көп болсын» – деп Қызыр күні ыдыс атаулыны ырысқа (Бидай, тары, арпа, сұлы, жүгері, т.б), аққа (сүт, айран, шұбат, шалап, уыз, т.б) және қәусар бұлақ суына толтырады.

Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Ол күні қар не жаңбыр жауса, «нұр жауды», «туар жыл жақсы болады» деп қуанған.

Наурыз күні қуанышқа кенеліп, масайраған жұрт жаңа киімдерін, таза бір киерін үстіне іледі. Наурыз күнінің бір ерекшелігі – бұл күн көрісуден басталады. Ұлыс күнінде сәлемдесудің қалыптасқан дәстүрі бар. Кісілер бір-бірімен кездескенде:

– Жасың құтты болсын!

Өмір жолың ұзақ болсын!

Ұлыс бақты болсын!

Төрт түлік ақты болсын!

Ұлыс береке берсін!

Пәле - жала жерге енсін! –

деп құттықтап, ер адамдар қос-қолдасып, төс қағыстырады, ал әйелдер болса, құшақтасады: ерлер мен әйелдер кездессе, құшақ айқастырады.

– Қос қолдап амандасып, төс қағыстыру – «өмір тірегім – төсім, тіршілік көзім – екі қолым аман-сау болсын» дегенді білдіреді. Наурыз жырында:

– «Ұлыс күні қазан толса,

Ол жылы ақ мол болар,

Ұлы кісіден бата алса,

Сонда олжалы жол болар, – деп айтылған екен.

Ұлыс күні жеті түрлі заттан – соғымнан қалған сүр ет, қойдың басы, сүт, езілген құрт, бидай (тары, күріш), пияз және сәбізден қазан толы көже пісіріледі. Әр үйдің дастарқанына ақтан (сүт тағамдары), көк ырыстан (дән тағамдары мен жеміс-жидектен) және қызылдан (еттен дайындалатын тағамдар) жеті түрлі тағамдар қойылады.

Наурыз көженің қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышудың мәнісін білдіреді. Ал наурыз көжені тойып ішу – «жыл бойына тоқшылық болсын» деген ұғымға саяды.

Наурыз күні таңертең ертемен ерлер қолына күрек, кетпен, ал қыз-келіншектер құрт, ірімшік, сүт,піскен ет алып далаға шығады. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп қаумалаған жігіттер, айнала төңірегіндегі су жолдарының көзін ашып, «Атаңнан мал қалғанша тал қалсын», «Бір тал кессең, он тал ек» деген ақсақалдар есік алдына ағаш көшеттерін отырғызған. Әйелдер атып келе жатқан күнге тәу етіп, «Армысың, қайырымды күн – Ана!» деп иіліп сәлем береді, – деген ойымен бөлісті.

Ал сатирик Қазыбек Әшірбекұлы Наурыз дегеніміз жаңа күн дегенді білдіреді, – деп сөзін бастады. – Қазір көрісу күні деген шықты. Жалпы бұл мереке деп атауға болатын күн бе өзі? Оның түп-төркініне үңілген жан бар ма? Көрісу деген менің түсінігімде қайғылы жағдайда орын алатын ғұрыптық салт сияқты. Оны тойлап, мерекелеу дегенді түсіне алмадым. Мейрам деп Наурызды айтуға болады. Бұл – біздің жаңа жыл. Бар тіршіліктің бастауы. Менің өзім 75-ке келдім. Осы күнге дейін көрісуді мейрам ретінде атап өткенді көрген де, естіген де жан емеспін. Тек соңғы жылдары еліміздің батыс өңірі бастама көтеріп, көрісу амал мерекесі ретінде атала бастады. Бұрынғылар қалай еді?.. Наурыздың 18-іне тоқсан шығады. Осы күні Самарқанның көк тасы ериді. Тоқсан шыққаннан кейін ауа райы бірде мейіз, бірде киіз болады. Ары қарай сәуір болмай, тәуір болмайды деп жатады. Біле білген адамға Наурыз жылдың басы ғана емес, сонымен қатар тіршіліктің бастауы да. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы да осы кез, – деп ағынан жарылды.

– Тәуелсіздік алған жылы мектепке барған біз Наурызды ерекше күтетінбіз. Ұлыс мейрамы мерекеленетін күні ауылға қарай тартатын едік. Ауылда аудан орталығында қызық болатындай көрінетін де тұратын. Ауылдағы стадионда бірнеше киіз үй тігіліп, емен де семен наурыз көже дайындалатын. Сен іш те, мен іш деп жүргенде «көжені тойып ішсең, тоқ боласың» деген үлкендердің сөзін естіп, екі-үш тостағанын тауысатынбыз. Бұл да бір қызық дәурен екен ғой, – дейді Сұлтанбек Үргенішбаев есімді азамат.

Кімнен сұрасақ та Наурызды бірлік пен татулықтың мерекесі деп айтады. Наурыз жаңа күннің бастауы десек, онда жылдың да бастауы екені айдан анық. Қалай деген күнде де табиғат жарасым тапқан кез тіршіліктің бастауы болып қала бермек.

Ә.ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

Басы 1-бетте

БАЛАНЫҢ ВИРТУАЛДЫ ӘЛЕМІН БАҚЫЛАЙСЫЗ БА?



ТӘУЕЛДІЛІК ТҮРЛІ АУРУДЫҢ БАСТАМАСЫ

Қазір қашықтан оқу кезінде сабақ барысы телефонмен өтуде. Бұған дейін баланың мектепке ұялы байланыс құралын апаратыны да жасырын емес-ті. Десе де, шектеу болған екен. Қалалық білім бөлімінің психологиялық қызмет бөлімінің әдіскері Гулзия Опабекова қалыпты оқу кезінде оқушының сабақ барысында телефон ұстауына рұқсат етілмегенін айтады. Тіпті, ұстаздар тарапынан қатаң қадағаланатын дейді. Ал, қазіргідей қашықтан оқу кезінде оқу үдерісі смартфон арқылы өткізілуде. Сондықтан оқушылардың телефонға телміруі қалыпты құбылысқа айналған. Жалпы бұл техниканың баланың ой-өрісіне зияны көп дейді психолог маман. Оған жұмыс барысында талай мәрте көзі жеткен.

– Заман ағымына қарай барлығымыз телефонсыз жүре алмайтын халге жеттік. Әсіресе, жасөспірімдердің тәуелділігі жоғары. Бұл негізінен байланыс құралы болғанымен, кей ата-ана оны баласына ойыншық ретінде, өзінің мазасын алмас үшін береді. Ал оның бала психологиясына, денсаулығына кері әсерін ескере бермейді. Смартфонды шектен тыс пайдалану баланың ми құрылысына өте қатты әсер етеді. Одан таралатын электромагниттер өрісі ойлау, есте сақтау қабілетінің төмендеуіне, бас ауруы мен ұйқысыздыққа, көңіл күйдің құлазуына әкеледі. Мұндай баланың жүйкесі жұқарып, депрессияға түседі, – дейді Гүлзия Жүрсінқызы.

Мамандардың айтуынша, жасөспірімдер атыс-шабыс ойынға қатты қызығады. Мұндай ойындар оларды агрессивті күйге жеткізеді. Оған қоса рұқсат етілмеген бейне жазбаларды көрудің салдарынан ерте жыныстық жетілу, қатынасқа түсу, зорлық-зомбылыққа бейім болуы қалыптасады екен. Ең қиыны, телефонға тәуелді баланың ұйқысы қанбайды. Ал ұйқының қанбауы ағзадағы гармондардың бөлінуін тежейтін көрінеді. Ал бұл өз кезегінде түрлі дертке шалдығуға себеп болады.

АТА-АНА БАҚЫЛАУ ЖАСАЙ МА?

«Ертелі-кеш телефонға шұқшиып, бас көтермейтін баланың нені көріп, нені қызықтайтынын біле бермейміз. Таңның атысы, күннің батысы тіршілік қамымен жүріп кейде оған көңіл бөлуге мұршамыз келмейді. Дегенмен ешкім баласын жаман болсын демейді ғой. Сондықтан тым құрығанда демалыс күндері телефонын тексеруге мүмкіндік бар» деген Гауһар Ахан есімді ана ұлының смартфон мен компьютерге, ғаламтор желісіне тәуелді екенін жасырмайды.

– Мектеп жасындағы ұлым, 3 жасар қызым мен 1-ге толған балам бар. Ғаламтор, әлеуметтік желіге кіру, түрлі ойындар ойнау ұл мен қызға түк қиын емес. Тіпті 1 жасар баланың өзі телефоннан өзіне керегін тауып алады. Олардың телефонды басқарудағы шапшаңдығына, игеру қабілетіне таң қаламын. Кейде үлкен ұлым көңіл бөлуге мүмкіндігім болмаған сәтті пайдаланып, компьютер алдында тапжылмастан отырады. Тіпті сенің шақырғаныңа келмейді, ұрысқаныңа да мән бермейді. Тез ашуланып, ақылыңды тыңдамайтын, өзіңе қарсы шығатын кездері болады. Сондай сәтте бұл заманауи техниканың баланың мінез-құлқына қаншалықты кері әсер ететінін байқаймын. Қолдан келгенше бақылауға тырысамын. Себебі қазір небір жамандықтың бәрі ғаламтордан келеді. Жасына сай емес бейнежазба не мультфильмдер көргенін байқасам дереу өшіріп тастаймын, дұрыс еместігін айтамын. Байқағаным, майнкрафт, соник сынды ойындарға қызығады екен. Достарымен бірлесіп ойнайтын ойындары бар. Мұндай сәтте дереу компьютерді өшіріп, ойынды тоқтатуға тырысамын. Кейде тыңдайды, кейде ренжісуімізге тура келеді. Есейе келе қызығушылығы басылатын шығар деп те ойлаймын, – дейді ол.

Қалай десек те, заманына қарай адамы деген емес пе? Қазіргі кезде технологияны меңгермесең көштен қаласың. Сәт сайын жаңарған дүние. Оған ілесу керек, онсыз болмайды. Несін жасырайық, бесіктен белі шықпаған баланың өзі телефонның тетіктерін жақсы біледі. Яғни баланың өзі заман талабына сай туған сияқты. Заман ағымы десек те, баланы тым еркінсітудің де шегі болғаны дұрыс сияқты. Осы орайда психолог маман балалармен жұмыс барысында мынадай өзгерістерді байқағанын айтады.

– Оқушылардың қоғамдық іс-шараға қатысқаны, спорттық секцияларға барғаны дұрыс. Бірақ көбі одан қашқақтайды. Оларға телефонға үңіліп, уақытын босқа өткізген тиімді көрінеді. Мұндай оқушылармен сөйлескенде мінезінен долылық пен өшпенділікті байқауға болады. Әрине, олар телефонды ұстап тамақтанады, сабағын оқиды, түнгі уақытын да соған сарп етеді. Ең өкініштісі, телефоны бұзылса, не ғаламторға кіре алмай қалса ашуланып шығады, жанжалдасуға дейін барады. Ата-анасына қоқан-лоққы көрсетіп, бопсалайтыны да бар. Осының бәрі бір құрылғының кесірінен болатын жайт. Сол себепті балаға ата-ана ертеңгі күні опық жемес үшін балаға телефон ұстауға, ғаламторға кіруге рұқсат бергенімен, оған шектеу қоя білгені дұрыс, – дейді.

ШЕШІМІ БАР

Ресейлік «Лаборатория Касперского» компаниясының зерттеуі бойынша жасөспірімдердің 92 проценті өздерінің қандай сайтқа кіргенін, қай әлеуметтік желіде отыратынын жасырын ұстайды екен. Ата-анасына күмән туғызбас үшін браузердегі көрген материалды жоюды, құрылғысына пароль орнатуды меңгерген. Тіпті желіге құпия жолмен кіріп, пайдаланатын қосымшасын жасыратын арнайы бағдарлама енгізе алады екен. Бір қызығы, Ресейде балаларды ғаламтордағы қауіптерден қорғайтын арнайы орталық бар екен. Орталық мамандарының айтуынша, ата-ана баласын әлеуметтік желі, ғаламторды пайдалана бастаған уақыттан бақылауға алу керек. Себебі уақыт өте келе ол өз ережесі мен тәртібін қалыптастырып, ата-анасын оған жолатқысы келмейді. Сондықтан баламен байланыс жасап, оның қызығушылығына түсіністік танытып, бұрыс жерін дұрыстап отырғаны жөн екен.

Осы орайда IT саласының маманымен де тілдескенді жөн көрдік. Технологияны түбегейлі меңгерген мамандардың бұл мәселені ушықтырмай шешудің жолын айта алатыны анық.

– Қазіргі технологияның даму үдерісінде шек жоқ. Ғаламтор желісінің көптеген мүмкіндік берер пайдасымен қатар зияны да жетерлік. Қауіптің барлығы хаккерлерден келетінін ескерген жөн. Мәселен, Ресейдің ғаламтор желісіндегі жасөспірімдерді суицидке итермелейтін оқиғалардың ар жағында осындай хаккерлер тұрған. Алайда елімізде кәмелеттік жасқа толмаған балалардың порнография бейнежазбасын, діни ағымдағы сайттар мен құмар ойындар сайтына кіруге шектеу қойылған және ол ҚР заңымен қадағаланады. Сондай-ақ жиі қолданыстағы «google», «yandex» жүйесінің баптауы арқылы шектеу орнатуға болады. Мұны көзіқарақты әрбір ата-ана білуі тиіс, – дейді IT саласының маманы Дастан Айтбай.

БОЛҒАН ОҚИҒА ІЗІМЕН

Осыдан бірнеше жыл бұрын елімізде көпшілікті дүр сілкіндірген жағдай болды. Павлодарлық ата-ана 16 жастағы ұлының өз-өзіне қол жұмсамақ болғанын біліп, тиісті орындарға шағымдану арқылы оны өміріне төнген қауіптен құтқарды. Жасөспіріммен тілдескен психолог оның ғаламтор желісі арқылы белгісіз топқа кіргені, топ жетекшісінің нұсқауымен түрлі тапсырма орындағаны, ақыры өз-өзін өлтіру әрекетіне дейін барғандығын білген. Бастапқыда қызығушылықпен топ қатарына қосылған бала бертін келе жетекшісінің арбауына іліккенін де байқамаған. Салдарынан осындай жағдайға душар болады. Дәл осындай жайт қарағандылық оқушының да басынан өтті. Өкініштісі, оны құтқаруға тым кеш болды. Ата-анасы оны жуынатын бөлмеден өлі күйінде тапқан. Тергеу барысында жасөспірім қыздың «Вконтакте» желісі арқылы «Тихий дом», «Синий кит» сынды виртуалды ойын ойнағаны, ондағы тапсырмаларды бұлжытпай орындағаны анықталған. Жасөспірім соңғы тапсырманы да орындап, ойын жолында өмірін құрбан еткен. Бұл виртуальды ойынның құрбаны оқушылар екендігі, әрі арада тез тараған ойын екендігі белгілі болды.

Виртуалды әлемге бақылаусыз кірген балалардың өміріне балта шабылды. Үрейленген жұртшылық балаға бақылау жасады. Уақыт өтті. Мұның бәрі ақырындап ұмытыла бастады. Балалардың телефонға телміруі қайта қалыпқа келді. Әсіресе, қашықтан оқу кезінде оқушының қолынан телефон түскен емес. Баланың сабақтан тыс уақытта ғаламтордан не қарағанын кім біледі? Жалпы сіз балаңыздың виртуалды әлемін бақылайсыз ба?

Айдана СЕЙІЛ

Басы 1-бетте

Мамандықты ата-ана таңдамаса екен...



ҰБТ тапсырғаннан кейін түлектер жоғары оқу орны мен болашақ мамандығын таңдайды. Өмірдегі маңызды шешімнің бірін қабылдаған кезде қателеспеу қажет екені түсінікті. ҰБТ кезінде тест тапсырушылардың алдынан қандай проблемалар, қиыншылықтар кездеседі? Сынақты сәтті тапсырып шығу үшін қандай мәселелерге дайын болған жөн? Осы орайда үрейге бой алдырмай, тек сұраққа жауап беруді ғана ойлау керек. Сынақ кезінде бар зейінді салу өте маңызды. Уақытты тиімді пайдалану үшін алдымен өзіңіз үшін жеңіл болатын, яғни жауап беруге уақыт аз кететін пәндерді орындаған жөн. Көбінесе оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық және Қазақстан тарихы сынды негізгі пәндерден бастауға және бейіндік пәндерге соңында жауап беруге болады. Себебі кейбір сұрақтарға оқушы тез жауап бере алады, ал кейбіріне керісінше көп отырып қалуы мүмкін. Оқушы қайта-қайта бір пәннен екіншісіне өтіп, пәндердің жауап беру ретін сақтамаса, уақыт жоғалтып алады. Сұрақтардың жауабын тиянақты тексергеннен кейін ғана жауап парақшасына енгізген дұрыс болады.

Ұлттық бірыңғай тест кітапшаларында қате сұрақтар кездесетінін мұғалімдер айтып қалып жатады. Әрине, адами фактор да әсер етуі мүмкін. Кейде сұрақ дұрыс құрастырылмай немесе жауапта қате кетіп қалуы ғажап емес. Осындай жағдайлар болып жатса, міндетті түрде апелляцияға беру керек.

Мектеп түлегі үшін мамандық таңдау – үлкен жауапкершілік. Өкінішке қарай, ата-ана баласының академиялық үлгеріміне сүйеніп, бір мамандық таңдауы керек деген үрдіс қалыптасқан. Сондай-ақ балаға ата-анасы мамандық таңдауда еркіндік бермейтін жағдайды да жиі көреміз. Әрине, әркім баласы үшін уайымдайды, бірақ мамандық таңдау еркіндігін баланың өзіне беру керек деп есептеймін. Талапкерлердің көбі мамандықты өзінің қызығушылығына сай емес, алған ұпайына қарай таңдайды. Нәтижесінде, мемлекет өз мамандығы бойынша жұмыс істегісі келмейтін талапкерге 4 жыл бойы қомақты қаржы жұмсайды. Статистикаға сүйенсек, елімізде жоғары оқу орнын бітірген түлектердің 60%-тен астамы дипломында жазылмаған басқа кәсіптің соңында жүр.

Университет таңдаған кезде мына мәселеге назар аудару керек: Бірінші, мамандық таңдау. Қызығушылығыңыз бен қабілетіңізге сүйене отырып, танымал университетте өзіңізге ұнайтын әрі жақын мамандықты таңдаңыз. Алдымен білім алып, содан кейін ғана жұмыс істеуді ойлаған дұрыс емес. Екінші, университет таңдау. Болашақта еңбек нарығында сұранысқа ие болу-болмау мәселесін білу үшін оқып жүрген студенттермен немесе түлектермен сөйлесіңіз. Басқа қалаға көшуге дайын немесе дайын емес екеніңізді түсініп алған да жөн. Үшінші, студенттік өмір. Өкінішке қарай, бұны тек санаулы адам ғана қаперіне алады. Алдағы 3-4 жылды қандай ортада өткізетініңіз, қандай дағдыларды меңгеретініңіз өте маңызды. Әдетте түлектердің көбі студенттік шақта іскерлік дағдыларын қалыптастырып, өзі оқитын университет өкілдерімен бірлескен жобалар жасайды. Студенттік өмір жастар үшін керемет мүмкіндіктер ұсынады. Жастар университет бітіргеннен кейін жалақысы жоғары, сұранысқа ие маман болғысы келеді.

Жастар мамандық таңдауда келесі факторларға иек артады: зор мүмкіндік, еңбекақы, қолайлы жұмыс ортасы, қауіпсіздік, денсаулық сақтау, еркіндік, жұмысқа баулитын жетекшінің болуы. Сондықтан қай салада болсын өз ісінің шеберіне сұраныс артады. Бүгінгі күні елдегі еңбек нарығы жөнінде зерттеулер өте аз. Дегенмен педагогика, IT, ішкі туризм, медицина және ауыл шаруашылығы мамандықтарына назар аудару керек екеніне сенімдімін.

Мектеп бітіру мен оқуға түсу арасындағы өтпелі кезең – өмірдегі ең маңызды сәттердің бірі. Осыны естен шығармауға тиіспіз. Өйткені осы уақытта мектеп түлегі болашақ мансабы мен жеке даму жолын табуға тырысады. Ол үшін бірнеше себеп бар: жастар жұмыс істеп тәжірибе жинайды, ЖОО-ға түсу үшін академиялық үлгерімін жақсартады, сондай-ақ саяхаттайды. Тағы бір себеп – көп уақыттан бері қалыптасып қалған ортаны өзгерту мен тұрғылықты мекенін ауыстыру адамның өзін-өзі дамытуына оң әсерін береді. Негізі мамандықты 10-12 жастан бастап таңдаған дұрыс деп ойлаймын. Өйткені осы кезде баланың жеткіншектік қарсыласуы мен бәрін сынауы азая бастайды. Жасөспірімдер күрделі ақпаратты қабылдай алатын шаққа жетіп, болашағы туралы ойлай алады. Мамандық таңдауды қалай бастағаны маңызды емес. Мәселен, хореография, бокс, ментальды арифметика, этикет курстары, ісмерлік үйірмесіне апару – бұның бәрі балаға мамандығын таңдауға көмектесетін нәрселер. Курстарға, секцияларға жаздырған кезде, ең бастысы, баланың қызығушылығына, икеміне, дағдыларына мән беру керек. Алайда бала ата-анасының жүзеге аспаған арманын орындауға міндетті емес екенін есте ұстау қажет.

Жадыра БАЖЕЕВА,
№268 мектеп-лицейдің
педагог-психологы

Басы 1-бетте

ТУРИЗМІ ТҮЛЕГЕН, ӘЛЕУЕТІ АСҚАҚ АҚТӨБЕ

Негізінен Ақтөбе хром қоры бойынша әлемде алдыңғы қатардағы аймақ. Бұл жерде құнды элемент қоры 400 млн тоннадан асып жығылады. Мұнан өзге жер қойнауында титанның республикалық қорының 40 проценті және никельдің 55 проценті жатыр. Ал мұнайдың өнеркәсіптік қоры бойынша республикада үшінші орында тұрақтаған. Облыс аумағында көмірсутекті шикізаттың болжанған қоры 30 проценті де осы өңірде. Сондай-ақ алтын, күміс, мыс, мырыш, кобальт, каолин, фосфорит, мұнай-битум жыныстарының және құрылыс материалдарын жасауға арналған шикізаттың ірі кен орындары бар. Аймақта «Қазхром» трансұлттық компаниясы Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, «Ақтөбе хром қосындылары зауыты», «Ақтөбебрентген», «Ақтөбе мұнай құрал-жабдықтары зауыты», «Ақтөбе металл құрастыру зауыты» секілді көлемді кәсіпорындар орналасқан. «СНПС-Ақтөбемұнайгаз», «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС секілді мекемелер жергілікті тұрғындардың әлеуетін көтеруге күш салуда.

Халықаралық маңызы бар «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолының 628 шақырымы Ақтөбе өңірінен өтеді. Бұған қоса өткен жылы Ақтөбе-Атырау-Астрахань автокөлік жолын қайта жаңарту жұмысы аяқталып, Ақтаудың теңіз портына Астана арқылы шығуды қамтамасыз ететін «Орталық-Батыс» автожолы жобасы бастау алған. Сондықтан Ақтөбені көлік-логистика саласындағы маңызды өңір десек, артық емес.

АҢЫЗҒА ТОЛЫ АҚТӨБЕ

Аймақ орталығы – Ақтөбе қаласының іргетасы 1869 жылы қаланған. Осы жылы Патшалық Ресей әскерінің полковнигі Ю.Борх бастаған әскери отряд Елек және Қарғалы өзендерінің қосылар тұсындағы төбе үстіне болашақ бекіністің іргетасын қалаған. Осылай сұлу мекеннің тарихи жолы бастау алып, ғасыр көшіне ілеседі. Оған дейін бұл өңір Алтын Орданың ыдырау кезеңіндегі ноғайлыны билеген Ер Мамайдың жайлауы болған деген ел аузында дерек бар. Тарихи деректе мекеннің «Ақтөбе» аталуын осы төбеде Мамайдың сүйікті қызының жерленуімен байланыстырады. Ал орыс мәліметтерінде аталған аймақ Қайып хан әулетінен шыққан сұлтан-төрелердің қонысы болғанға ұқсайды.

Не де болса, Ақтөбе қазақ тарихындағы құтты қоныс болғаны белгілі. Себебі қала айналасынан қола, ерте темір дәуірлеріне жататын көне қорымдар мен қорғандар табылып, көптеген археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Мұнда Сақ-сармат, ғұн, көшпелі түркілер, Алтын Орда, Қазақ хандығы дәуірлеріне тиесілі көне қорымдар көп. Қазір қала аумағында 70-тен астам тарихи-мәдени және сәулет ескерткіші мемлекеттік қорғауға алынған. Олардың ішінде Түйетөбе мен Бекқұл әулие кесенесі «Қазақстанның киелі жерлері географиясына» енгені белгілі. Нәтижесінде бағалы жәдігерлер мен тарихи нысандар өңірдің өткені мен танымын тануға мүмкіндік берді.

ТАРИХ БЕТТЕРІНДЕ

Ақтөбе өңірі – талай батыр мен билер, ақын мен сұлейлер дүниеге келген киелі мекен. Аймақтың маңызын арттырған тарихи ескерткіштер өткен күннен белгі берер орын ғана емес, туристік әлеуетті арттыратын нысанға айналып үлгерді. Мәселен, ғасырдан астам тарихы бар «Абат-Байтақ», «Есет батыр», «Қобыланды батыр», «Хан моласы» және «Кердері Әбубәкір» мемориалдық кешендері мен «Ботагөз», «Жәлімбет», «Қызылтам», «Алмат би», «Тоқпан» кесенесі келушілерді қызықтырып, зерттеу нысанына айналып үлгерді. Сонымен қатар «Исатай Тайманұлы», «Есет Дәрібай» ескерткіші және Алмат Сардар Тобабергенұлы мен күйші Қазанғап Тілепбергенұлы мазары өңірдің мән-маңызын арттырып келеді.

Сонымен қатар облыс орталығындағы көрікті жерлер де қала тұрғындары мен қонақтарына ерекше әсер сыйлайтыны анық. Мәселен, діни тұрақтылық пен көрікті сәулетін қабыстыра білген Ақтөбе қаласының орталық мешіті мен «Нұр Ғасыр» мешіті қала келбетін айшықтай түскен болса, Әулие Николай соборы шаһар тұрғындарының өзара сыйластық пен толеранттылығының үлгісіне айналып үлгерген. Сонымен бірге «Шәкен ишан» мешіті, «Көкжар» мешіті де шертер сыры мол тарихи орын саналады.

ҚАЛА КЕЛБЕТІ

Тәуелсіздік жылдарында Ақтөбенің әсем бейнесі келбеттене түсті. Бүгінде қала шырайын келтірген «Қазақ халқына мың алғыс» тұғыры, Ғашықтар саябағы мен ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев атындағы саябақ, «Келісім мен Бірлік» сулы жасыл гүлзары бөлек бітім қалыптастыра білді. Қала қонақтарына аспан астында ғана емес, түрлі мұражайлар мен мәдени нысандарды аралауға да мүмкіндік мол. Шаһардағы Ақтөбе көркемдік және декоративті-қолданбалы өнер мұражайы, Ақтөбе облыстық өнер мұражайы, Ақтөбе облыстық планетарийі – қала тарихы мен болмысын тануға септесетін маңызды мекен. Ал аймақ беделін арттырған «Жұбановтар әлемі» мұражай үйінің өзі қала тарихының қайталанбас бейнесін көз алдыңа әкеледі. Мұнда тек Жұбановтар отбасының ғана емес, Қазақстанның рухани мәдениеті мен ғылымының дамуының уақыт бедері көрініс тапқан.

Сонымен қатар жастар шығармашылығының ошағына айналған шығармашылық академиясы, түрлі қойылымдардың тұсауын кескен Т.Ахтанов атындағы драма театры уақытты тиімді өткізуге ықпал етіп, қонақтарды бейжай қалдырмайды. Ал кішкентай бүлдіршіндерге арналған «Алақай» облыстық қуыршақтар театры балаларға тамаша көңіл-күй сыйлауға таптырмас орын. Театр репертуарында қазақ және орыс тілдерінде 30-дан астам спектакль жинақталған. Әлем халықтарымен қоса, қазақ халқының «Ұр, тоқпақ!», «Дала аңызы - О,Алдар!», «Тізгінді жібер және ұш...» ұлттық ертегілері тұрақты қойылып отырады.

Шаһар ескерткішке де бай. «Тілеу Батыр», «Мөңке би», «Әбілқайыр хан», «Шығанақ Берсиев» «Нұрпейіс Байғанин», «Ы.Алтынсарин», «Домбыра» ескерткіштері ақтөбеліктердің өткені мен тарихқа құрметі болса, «Қан мен тер» романының кейіпкерлеріне арналған ескерткіш әдебиет пен өнерге тағзым екені сөзсіз. Сондай-ақ Ахмет Жұбанов атындағы мемориалдық ескерткіші, «Мәңгілік алау» және Кеңес Одағының батыры Ә.Молдағұлованың мемориалдық кешені қала мақтанышына айналған.

P.S. Ақтөбе өңірі – қазақ елі үшін маңызды мекен. Экономикалық әл-қуаты, тұрмыстық деңгейі жыл санап өскен аймақ кәсіпкерлік, инвестиция саласында ыңғайлы орта қалыптастыра білген. Ақтөбе тек тарихи нысандар шеңберіндегі туризм емес, агрокешендер мен ірі кәсіпорындар арқылы да экономикалық серпіліс жасауға талпынуда. Сәні мен салтанаты келіскен киелі өңір әлі талай дамудың жаңа белесін бағындырып, келешек қаласына айналары сөзсіз.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

Басы 1-бетте

ДАРА ТҰЛҒАНЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

№215 орта мектебін ширек ғасыр басқарған директор, ұстазым Темірхан Қоңырбаев жайында қалам тербегенді жөн көрдім.

1983 жылы М.Мәметова атындағы педагогикалық училищені бітіріп, Талдыарал елді мекеніндегі №215 орта мектебіне бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа орналастым.

1983 жылы Сырдария аудандық комитетінің шешімімен мектеп №215 сегізжылдық мектеп болып іріленді. Сол жылы мектеп директоры болып тағайындалған Темірхан Қоңырбаев ағай да отбасымен елді мекенге көшіп келген.

Алғашқы жылдары мамандардың тапшылығы, материалдық-техникалық базаның жоқтығы сабақтың өз дәрежесінде өтуіне кедергі келтірді. Ағайдың тыным таппай ізденуінің арқасында жағдайдан шыққан кездер болды. Мектептерді аралап, жарамсыз парта, столдарды, оқу құралдарын мектепке тасып, қалпына келтіріп пайдаландық. Арнаулы орта білімі бар мамандардың барлығын жоғары білім алуын талап етіп, оларға жағдай жасады.

Темірхан ағай басшылық жасаған жылдарда мектептің оқу-тәрбие жұмысы бір жүйемен жүргізіліп, мұғалімдер мен оқушылар жетістіктерімен аудан, қала көлемінде көріне білді. Мектеп ашылғанға дейін Құбас, Талдыарал тұрғындарының балалары интернатта жатып оқитын. Балаларды өз үйінен кіріп-шығып, білім алуына барлық жағдай жасау ағайдың үлесі ерекше.

Еңбек ескеріліп, 1997 жылы Темірхан Қоңырбаев ҚР Білім министрінің «ҚР Білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. Зейнеткер ұстаз өмірінің соңына дейін мектеппен тығыз байланыста болып, ағалық, әкелік ақылын айтып отырды. Ұлағатты ұстаз 2012 жылы 2 қаңтарда дүниеден озды.

Ағайды бір сәт те есімізден шығарған емеспіз, оның айтқан сөздерін үнемі керекті жерінде «ағай солай дейтін еді...» – деп еске алып отырамыз.

2019 жылы қалалық білім бөлімі кәсіподақ ұйымының қолдауымен ұстазды еске алуға арналған «Қалдырған ізің мәңгілік» атты аймақтық спорттық турнир өтті.

Манат БЕКЕТОВА,
№215 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

АУЫЛДАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛЕДІ

Биыл Кәукей ауылына баратын автомобиль жолының құрылыс жұмыстары бітіп, халық игілігіне беріледі. Сондай-ақ Әйтеке би кентінен 5 көше, Қазалы қаласынан 10 көше асфальтталады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте Қазалы ауданының әкімі Мұрат Ергешбаев мәлімдеді.

– Аудан, ауыл арасындағы жолдар мен елді мекендегі көшелердің жағдайы едәуір дұрысталып келеді. Мәселен, өткен жылы аудандық маңызы бар 60 шақырым және елді мекендердегі 70 көше жөнделді. Бұған қоса, 2020 жылдың желтоқсан айында қала мен кенттің екі аралығындағы жолды кеңейту жұмыстары басталды. Ал биыл «Қарлаң» көпірінен Қожабақыға және Қазалы қаласы мен «Әлсейіт» көпіріне дейінгі жолдардың да жұмысы аяқталады. Амандық болса, шалғайдағы ауыл тұрғындары асфальт жолмен жүретін күн де алыс емес. Басықара мен Абай елді мекенінің аралығындағы 20 км жолды жөндеу жұмыстарын жалғастыруға облыстық бюджеттен 306 млн теңге қаржы қаралды, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Әйтеке би кентінен 18 көше асфальтталады. Қазір аудандағы автомобиль жолдарының қанағаттанарлық көрсеткіші 75,6 процентті құрайды. Жыл соңына дейін 85,2 процентке жеткізу көзделіп отыр.

Қызылорда дәрігерлеріне 170 млн теңге үстемақы төленді

Әлемді жайлаған індетпен күресте дәрігерлердің еңбегі өлшеусіз. Төтенше жағдай кезінде науқастарды ажалдан аман алып қалу үшін тікесінен тік тұрып қызмет еткен ақ халатты абзал жандардың еңбегі елеусіз қалып жатқан жоқ. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов айтты.

Қаулыға сәйкес эпидемияға қарсы іс-шараларда қызмет етіп жүрген дәрігерлерге коронавирус инфекциясын жұқтырудың тәуекел топтары бойынша үстемақы төлеу 2020 жылғы наурызда басталды. Мәселен, бірінші, яғни жұқтыру қаупі өте жоғары болып саналатын қызметкерге 850,0 мың теңге үстемақы төленді. Ол топқа коронавирус жұқтырған науқастарға реанимация, стационарлық және басқа бөлімшелерде қызмет ететін дәрігерлер жатқызылды. Ал провизорлық стационар дәрігерлері, орта және кіші медицина қызметкерлері, фельдшер дәрігерлер екінші топқа жатқызылып, 425,0 мың теңге үстемақы төленді. Ал үшінші топтағы карантиндік стационардағы дәрігерлерге, жедел жәрдем бригадасының жүргізушілері, зертхана мамандарына 212,5 мың теңге көлемінде үстемақы төленуде.

– Осы ретте ең бірінші үстемақы өткен жылдың наурыз айында төленіп, Қызылорда өңіріндегі осы топтарға жататын дәрігерлерге 63,6 млн теңге үстемақы берілді. Ал шілдеде коронавирусты жұқтырғандар саны күрт өскен кезеңде аймақтағы 3458 дәрігерге жалпы көлемі 947 млн теңге қаражат төленді, – деді Сәбит Бексейітұлы.

Дәрігерлерге үстемақы төлеу әлі де жалғасуда және осы жылдың 6 айына дейін ұзартылған. Аймақтың бас дәрігерінің айтуынша, 2021 жылдың қаңтар айында 1060 дәрігерге 152,7 млн және ақпанда 1288 медицина қызметкеріне 169,8 млн теңге үстемақы төленген.

«Ақмешіт-ақпарат»

СЫР СҮЛЕЙІ

Талайды тамсандырған Құтбай ақын

«Сыр елі – жыр елі». Киелі Сыр бойының топырағында талай талант дүниеге келіп, өз өнері мен дарыны арқылы қалың жұрттың жүрегінен орын алған. Ғұмырын шығармашылыққа арнап, ел ішіндегі басқосуларда сүбелі сөз сөйлеп, жауқазын жырдан шашу шашқан жерлес дарабоздар аз емес. Өзі жыршы, өзі ақын Құтбай Дүрбаев та сол талант иелерінің қатарында.

Құтбай ақын 1906 жылдың 25 мамырында Жаңақорған ауданының Өзгент ауылында дүние есігін ашқан. Жастайынан ән-күйге құмар болып, өнерді жанына серік еткен. Нартайдың шәкірті Құтбай оның ән-жырын орындап қана қоймай, өзі де өлең, жыр-терме шығарған. Жастайынан жетім қалған ақын 1930 жылдары Өзбекстанға қоныс аударып, 1933-1939 жылдарда Ташкенттегі музыкалық-драма театрдың әртісі болған. Ал 8 жылдан кейін Өзбекстандағы Жоғары Шыршық ауданындағы халық театрының музыка бөлімін басқарған. Одан бөлек Ташкенттегі педагогикалық училищеде мұғалім болып қызмет еткен.

Ақынның репертуарында 250-ге жуық өлең-жыр мен ән-

күй болған. Сонымен қатар оның басты ерекшелігі – әр халықтың өз тілінде жырлап, олардың аспаптарында еркін ойнайды. Өнер жолында қызмет етуге нық бекінген кезінде Құтбай Дүрбаев Сыр елі мен Қызылқұмға, Ташкент, Сырдария, Түркменстан, Тәжікстан мен Қарақалпақстанға арнайы сапарлатып жүріп өнер көрсеткен. Ақынның шаршы топта ілгері шығып, жыр төгуден алдына жан салмайтынын Манап Көкеновтің мына жазбасы дәлел болатындай:

Аққуға үнін қосқан
аспандағы,
Әнші еді Құтбай аға асқан
бағы.
Жиналса жүзден жүйрік,
мыңнан тұлпар,
Дүбірге қосылудан
жасқанбады.

«Сегіз қырлы, бір сырлы» ақын Құтбай Дүрбаев Сыр елі мен Түркістанда жүрсе де, Қарақалпақ пен Бұхараға келсе де, «Құтбай келді» дегенді естіген жұрт тез жиналып, жыршыны тыңдауға асығады екен. Қартайған шағында да ол қаумалаған жұрт ортасында дауысын шарықтатып, сырнайлатып, әнімен бір серпілтіп алатын. Одан кейін қара домбыраны қолға алып, Сырдан шыққан сүлейлердің жыр-толғауынан шашу шашады. Содан кейін сыбызғымен сызылтып, өзбектің дутарынан сыңғыр үнді төгетін болған. Репертуарында 250-ге жуық туынды болғандықтан оның таңды таңға жалғайтын жырларын тыңдауға көпшілік жалықпайтын.

Белгілі қаламгер, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Жақсылық Рахматулла «Даусы қаздың саңқылындай тыңдаушы көңілін «ә» дегеннен серпілтіп аларлық, құдды жан жамалын құс қанатымен желпігендей нәзік сезімге бөлер өте жұғымды еді. Тылсым ырғақ құйқа тамырыңды шымырлатып, тұла бойыңа бір жұмсақ сәуленің шымшымдап тарай бергенін аңдамай қаласың», – деп алпысыншы жылдардағы Құтбай Дүрбаевпен бір кездесуін осылай еске алып жазады.

Құтбай Дүрбаев – ақын, композитор және шертпе күйдің шебері болған. Халық арасында ән-күй, терме мен дастандарды өткен ғасырдың елуінші жылдарда бастап, «Қалқа», «Сұлу» секілді ән-толғау жазған. 1969 жылы Алматыда Республика Ғылым академиясы халық ақындарының конференциясын ұйымдастырады. Сол кезде Өзбекстаннан Құтбай ақынды арнайы шақыртып, ол орындаған бірнеше ән таспаға басылады. Оның ішінде «Гауһартас», «Ғалия», «Шалқу» мен өзі шығарған бірнеше ән бар.

Ақын өмірінің соңғы жылдарын Ташкенттегі Жаңажол, Жоғары Шыршық аудандарында өткізген. «Ақ қанат» ән-би ансамблін ұйымдастырып, өзі басшылық еткен. 1971 жылы 14 қаңтарда Мақтарал ауданында сапарда жүрген кезінде кенеттен қайтыс болады. Ол қайтыс болған соң өзі тұрған Жоғары Шыршықтағы бір көше мен ауылдағы клуб үйіне Құтбай Дүрбаевтың есімі берілген.

Біздің мақсат – Сыр сүлейлерін насихаттау. Құтбай ақын да өнерде өшпес із қалдырған талантты тұлғаның бірегейі екенін сөзсіз. Ән айтып, жыр төккенде даусы алты қырдан асатын ақынның көзін көріп, даусын естігендер «Нартай ақынның шәкірті ұстазынан кем түспейтін» деп еске алған. Жампоз атанған Құтбай Дүрбаевтың өнері бүгінгі ұрпақ үшін сарқылмас қазына, асыл мұра.

Аслан ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

Білім беру ісі жыл санап түрленіп, әдістемелік құрылым заман талабына сай өзгеріп отырады. Аңғарған адамға кеңестік кезеңдегі білім беру мазмұны мен қазіргі мектеп бағдарламасында айтарлықтай алшақтық бар. Бүгінгінің баласына негізгі ғылымдардан бөлек IT сауат, терең зертханалық білік қажет. Онсыз қатардан қалады, санатқа енуі қиын. Бұл білім беру ісінің күрделенгенін білдірмейді, керісінше адамзаттың өмір сүру мен тұрмыс қажеттілігінің жаңа деңгейге өткенін көрсететін секілді.

ТАБЫСҚА БАСТАР ЖОЛ

Тәуелсіздік жылдары Қазақстандағы білім саласы жаңа ізденіс пен тың бастамаға мұқтаж болды. Әсіресе батыстық білім беру әдісі ел көлемінде кенже қалғаны жасырын емес. Осы сәтте білім жүйесін жаңарту және ерекше мектептер қалыптастыру мәселесі алдыңғы орынға шығып, түрлі жобалар қолға алынды. «Болашақ» бағдарламасы, мектептегі білім сапасын арттыру, балабақша санын көбейту секілді межелі-міндет қалыптасып, нәтижеге жетуге жол ашқан еді. Тіпті тиімді оқытудың Кембридждік бағдарламасын басшылыққа алып, әдіс-тәсілін қолданысқа енгізген білім нысандары аз уақыт ішінде үлкен белеске шыға білді.

Тағы бір жетістік – ЮНЕСКО-ның халықаралық стандарттық классификациясына сәйкес білім беру құрылымын әзірлеу. Аталған бастама да отандық білім беру ісін алға сүйреп, оқушыларға теориялық біліммен қатар, терең практикалық тәжірибені игеруге жол ашты.

Сонымен қатар саладағы маңызды қадам ағылшын тілін терең меңгеру болғаны танық. Ұстаздар құрамына Қазақстан ғана емес, шетелдік тәжірибелі ғалымдарды қамтып, оқушылардың тілдік деңгейінің арттыру бүгінге дейін жалғасуда. Осылайша білім беру ошақтарындағы жаңа бастамалар келешек ұрпақтың білім биігін айқындай білді.

«Адамзат қол жеткізген ең гуманды жетістік – білім ресурсының жалпыға бірдей қолжетімді болуы» деген ой бекер айтылмаса керек. Білім іздеген буынға қолдау білдіру, әлемдік стандарт шеңберіндегі әдістемеге сүйену алдағы бағдарды айқындап, білім көкжиегін кеңейтуге жол ашпақ.

Гүлсім МАХМУТОВА,
облыстық девиантты мінез-құлықты балаларға арналған интернат мұғалімі

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

ҚАЛТАЙДЫҢ ҚАЛЖЫҢДАРЫ ТОЛАСТАМАЙДЫ

Қалтайдың қалжыңдары толықтырылып, Мұхтар Абрарұлының бастамасымен екінші рет 2019 жылы ақын Оспан Сейфолла Міркемелұлының құрастыруымен оқырмандарына жол тартқан-ды. Биыл мамыр айының басында Қазақстанның Халық Жазушысы Қалтай Мұхамеджановтың өмірден озғанына 20 жыл толады. Уақыт өткен сайын Қалтай айтқан екен деген уытты сөздер мен әзіл-қалжыңдары көбейе бермек. Сіздердің назарларыңызға «Қалтайдың қалжыңдары» атты кітапқа енбеген кейбір сөздерін ұсынып отырмын. Халық арасында Қалтай айтқан деген соны дүниелер табыла беретініне бек сенімдімін.

1. Мәскеуде театр өнер институтында (ГИТИС) оқып жүргенде ауруханаға түсіп, кеселінің беті бері қарағанда «Аллаға шүкір» депті. Қасындағылар: «Ол кім? Кімді айтып жатырсың?» деп сұрақтың астына алады. Әкесі Мұхамеджан-Қарамолданың ресми ақталмаған кезі. Содан әбден зәрезат болған Қалаған: «Ауылдағы туған нағашым мен әйелі Шүкіркүлді сағынғандықтан есіме түсіп кетті» депті.

2. Мәскеуде бір батырға ескерткіш орнатылып, соны көпшілік тамашалап тұрады. Солардың бірі: «Жылқының қасиетін арабтар жақсы біледі. Мынаның авторы солардан кеңес алған ғой» депті. Сонда Қалаған: « Жылқының қасиетін қазақтардан артық еш халық білмейді. Егер арабтар авторға дұрыс кеңес берсе, бұлай болмас еді. Батыр жауға шапқанда ешқашан айғыр атты мінбейді. Өйткені ол еркек мінезді, жиі кісінейді. Жау жағы оны естісе, тез қамданады. Сондықтан батыр кестірілген атқа мінеді. Байқасаңыз, мына батырдың атының басынан тасы үлкен екені көрініп тұр. Бұл – үлкен қателік» деп ананың аузын жауыпты.

3. ГИТИС-ті бітіргеннен кейін Қалаған сонда оқытушылыққа қалады. Ауылдан келген құрт, қазы, карта т.б. сәлемдемеге орыс досын шақырып, қазақтың ұлттық тағамдарын жасаудың технологиясын тамсандырып айтып отырады. Құртқа келгенде мынаның дәмін татыңыз деп ұсынғанда, досы құртты бөліп жібергенде ортасынан қыл шығады. Сонда Қалаған аспай-саспай: «Қазақтар жүз құрттың ішіндегі біреуінің ортасына бөлініп кетпеу үшін, аттың жалынынан тандап арматура есебінде қыл салады. Сол кімге бұйырса, бақытты болады. Сізді де үлкен қызмет күтіп тұр-ау, сірә. Ал мына қылды тастауға болмайды ол қасиетті дүние елге қайтып салып жіберемін депті. Көп ұзамай досы институттың проректорлығына тағайындалыпты. Кездескен сайын ол ризалығын білдіріп, Қалтай сенің халқың қандай дана еді» деп тұрады екен.

4. Адам маймылдан жаралды деген Дарвиннің эволюциялық ілімі жоққа шықты. Бірде Қалекең: «Әй, жігіттер! Осы адам маймылдан шықты деген өтірік сияқты, шын болсаендігі бір маймылдың төртінші класс бітіретін уақыты болды емес пе?» деген екен.

5. «Дарвиннің болжамын шын деп қабылдасақ, күн көсемдеріміз Ленин мен Сталин маймылдың асыл тұқымының ұрпақтары дейміз бе, қалай? Әй, қайдам...» депті Қалаған.

6. Қоғалыкөл ауылына кіреберістегі каналдың көпіріне тоқтап тұрғанда, Қалекең: «Су ауылдың төбесінен құйып тұр екен. Биологиялық жағынан ештеңе керек ете бермейтін шеңгелді көптеп «егіп» тастапсыздар. Шамасы сіздер аз шығынмен көп табыс табу дейтін нарықтың талабын ерте білгенсіздер-ау» депті. Қалаған елді мекенді абаттандыруды меңзеп тұрғаны белгілі ғой.

7. Аманхан Әлім ініміздің (жаны жәнатта болғай) сіз Шыңғысхан туралы жазсам деп жүретін едіңіз ғой деген сұрағына Қалағаңның берген жауабы: «Шыңғысхан туралы отыз жыл материал жинап келемін. Менің Шыңғысхан туралы көзқарасым басқа. Мен ол туралы жазған еңбектердің бәрін оқыдым, бір-екі вариантын жаздым да. Ойымнан шықпады. Өтірік. Шыңғысханды мен түсіне алмадым. Мысалы, Шыңғысханның бір сөзі бар. Ол «Дүниеде қандай әнді, музыканы жақсы көресіз?» деген сауалға: «Байы соғыста өлген жесір әйелдің жоқтауы мен ата-анасынан айырылған баланың зарлауынан артық музыка жоқ. Немесе Отырардың қақпасын ашып берген сатқынға Шыңғысхан: «Ханыңа неше жыл қызмет істедің?» дейді. Ол: «25 жыл» деп жауап береді. Сонда Шыңғысхан: «25 жыл қызмет істеген ханыңа опасыздық жасап отырған сен маған жақсылық көрсетем деп отырсың ба?» дейді де, жаңағының бүйрегін алып Батиға пісіріп жегіздіреді. Сондықтан мен әрі айналдырып, бері айналдырып бұны жаза алмадым. Өйткені злой гениялларды жазу деген құдайдың азабы. Олар – күйретушілер. Оларға өлтіруден, атақ-даңқтан басқа ешнәрсенің керегі жоқ. Ол үшін олар бәрін құрбан етеді.....

8. Ағайынды Әби (Әбиболла) мен Қалтай (Қалиолла) нағашыларының ауылына жаяу шығады. Күн ыстық. Жолда бір қараша үйге тоқтап, шөл басқылары келетінін айтады. Үй иесінің «Қай баласыңдар?» деген сауалына Қалаған бірден: «Мына кісі Мұхамеджанның, мен белгілі Қарамолданың баласымын» дейді. Әруағыңнан айналайын, Қарамолданы кім білмейді. Үйге кіргізіп дастарқан жайып, бар жылы-жұмсақты Қалағаңның алдына ысыра беріпті. Үйден шыққаннан кейін ағасы Қалағаңа: «Мынауың не дейді?». Ол: «Ой, аға, ренжімеңіз, екеуміз де бір әкеденбіз. Сіз сөйлеп кетсеңіз, мені мың орап аласыз. Сосын алдын алғаным ғой» деп ақталыпты. Інісінің тапқырлығына риза болған ағасы не айтсын?!

9. Қалтай аға Мәскеудегі студент кездерінде ауылға келіп айлап жатып Садриддин Айнидің «Құлдар» романын аударды. Ол кезде Қалағаңның есімі шығармашылық қауымға белгісіз болғандықтан Асқар Тоқмағанбетов ағасын да аудармашы ретінде пайдаланды. Еңбектеріне қомақты қаламақы бөлінгенде, Қалаған: «Асеке, барлық ақшаны алтыға бөліңіз, соның бір бөлігі маған тиесілі болсын. Қалған бес бөлігі сіздікі. Өйткені отбасыңыздың мүшелері де бесеу ғой» деп ағасын риза етіпті.

10. Қалтай ағаның 70 жылдығы туған топырағы Шіркейлде ерекше аталып өтті. Ауыл халқы атынан шапан жауып, ат мінгізіп құрмет көрсетілді. Сәйгүлікті ер-тоқымы, барлық әбзелдерімен алдына тартып, мінгізіп жатқанда: «Аббасжан, ағаңның ауылдағы барлық ғұмыры есек мініп, оның құлағында ойнаумен өтіп еді, бақыттан басым айналып құлап қалмайын» деп бізді күлкіге бөлегені бар.

Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ
профессор

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!

ҮЙ ЖИНАУШЫ

Бәрі ойындағыдай бола бермейді екен... Бұл Жанеркенің соңғы кездері жиі айтатын нақыл сөзіне айналды. Жас та болса өмірден түйгені. Кейде осы сөзді өзін жұбату үшін іштей жиі қайталайтын сияқты.

Жанерке де замандастары секілді мектеп бітірген соң студент атанды. Мектепте үздік оқушылар қатарынан болмаса да жоғары оқу орнына түсіп, бір мамандық иесі атанатынына сенімді болды. Анасы тұңғышының қала орталығындағы сәулеті келіскен зәулім ғимаратта білім алғанын елестетіп, жаңа оқу жылында келісті ғимарат алдында қызымен суретке түсіп, телефонындағы «Туыстар» чатына салып мақтанатынын елестетіп, тәтті қиялға берілетін. «Менің қызым жұрттың баласынан кем емес, оқысын, қолымдағыны аямаймын» дегенді әкесі де шай үстінде жиі айтатын. Тіпті оқу орнын да, мамандықты да ата-анасы таңдап қойған. «Анау Гүлжан шет тілді үйреніп алып, қазір білдей бір компанияда аудармашы екен. Айлығы өте жақсы. Кеше анасының туған күніне үлкен сақина алып беріпті. Сен де сол оқуды оқисың» дегенді анасы жиі айтатын. Өз шамасы өзіне ғана мәлім Жанерке аттестат алатын күн жақындағанда анасына өз таңдауын айтты. «Анашым, мен тігінші болғым келеді» дегені сол екен, Сәбилә шошып кетті. «Мен саған күнде не айтып жүрмін?» деп бастырмалата сөйлеп, әрі қарай тағы да туысы Гүлжанның табысы, анасына жасаған сыйлығын, өзінен кейінгі алты бауырын жеткізу керек екенін бірнеше мәрте қайталап, мұндайды енді естімейін деп қатаң ескертті. Анасы мен қызының сырласу минуты осымен тәмам...

Жанерке жаңа оқу жылында мақтаулы оқу орнының шет тілдер факультетінің 1 курс студенті атанды. Өзінен бұрын ата-анасының қуанышында шек жоқ. Алайда табиғат бермеген талантты зәулім университет бере алмайды екен. О бастан тіл үйренуге қызығушылығы жоқ Жанерке ілдәлдәлап күнін өткізіп, бірде көшіріп, бірде өтініш айтып, енді бірде емтиханнан сүрініп, қайта тұрып жүргенде 4 жыл зу етіп өтіп кеткенін де байқамай қалды. Университет оқытушылары да әйтеуір бір нанын тауып жер деп кешіре салды ма, қолына «ағылшын тілі пәнінің мұғалімі» деген жазуы бар көк дипломды бере салды. Әйтпесе, Жанеркенің 4 жылда үйренгені жоқ. Курстастары ағылшын тілінде емін-еркін әңгіме айтқанда ол төмен қарайтын. Диплом жуу, мақтану, «Туыстар» чаты қызылды-жасылды суреттермен толып, абыр-сабыр басылды. Жанерке дипломды қолына алып талай мектептің табалдырығын тоздырды, балабақшаға бас сұқты. Әңгімелесуден беті қызарып шығады. Жұмыс жоқ. Үйдегі жағдай белгілі, шиттей балашаға. Төрт жылғы оқу ақысы несиемен өтелген. Ата-анасы шиқылдап отыр. Күн сайын анасы оны үмітпен үйден шығарып салып, күтіп алады. Бүгін де таңғы асын ішіп алып, жарнаманы бір шолып шықты. «Таза жұмыс. Жалақысы жоғары» деген жазуға көзі түсті. Көрсетілген мекенжайға алып-ұшып жетті. Мекемеге ұқсамайды. Үш қабатты зәулім үй. Қорқасоқтап сыртындағы түймені басып еді, есік ашылды. Өзін қарсы алған әйел іші-сырты аппақ үйдің бірінші қабатындағы шағын бөлмеге бастап кірді. Үстелге жайғасып, түйіндемесін, дипломын мұқият қарады. Жанеркені әңгімелесу сынағынан өткізіп, біраз «тергеді». Сонан соң оның тап-тұйнақтай, ұқыптылығына сенім артып, жұмысқа қабылдайтынын айтты. Таңертеңнен бастап жұмысқа кірісуін сұрады.

– Сонда қандай жұмыс?

– Үй жинаушы. Күн сайын осы үш қабатты үйді тазалайсыз, арасында балаларға бас-көз боласыз. Табысыңыз жаман болмайды. Таза жұмыс.

– Сау болыңыз...

Қақпа сыртынан зәулім үйге бір, қолындағы дипломына бір қараған Жанерке қас қарайғанша жұмыс іздеді. Салы суға кетіп, екінші қабатқа әрең көтерілді. Күндегі көрініс. Есікті ашқан анасы «жұмыс таптың ба?» деп сұрауға бата алмай, жаутаң-жаутаң қарайды. Аяп кетті. «Жұмыс таптым» деген сөзді қалай айтқанын білмей қалды. Анасының сол сәттегі қуанышын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Қызын құшақтап жылап жүр. Байғұс ана іштен тынып жүр екен. Қанша несие, қанша қарыздан шаршағанын да жасырмады. Қуанғаннан қызының жұмысын да сұрамады. Күн ұзағына қаланы жаяу шарлап, әбден қалжыраған Жанерке бір-екі кесе ыстық шайдан соң төсегіне құлай кетті. Таңертең жұмысқа баратыны есіне түсіп, оятқышқа қояйын деп телефонын қолына алған. «Туысқандар» чатынан «Сүйінші! Біздің Жанерке жұмысқа тұрды!» дегенді оқыды. Анасы жазыпты...

***

Үш қабатты ғимарат шынында адам тұратын үй екен. Қала орталығындағы ондаған мекеме паналаған ғимараттардың қай-қайсысы да мұндай кең емес шығар, сірә! Үй иесі үш қабатты үйдің әр қабатын аралап көрсетіп, сағат 8-00-ден кешкі 19-00-ге дейін атқаратын жұмыс барысымен таныстырды. Шаң сүрту, гүлдерге күтім жасау, аппақ кілемдерді күн сайын тазарту, кір жуу, киім үтіктеу, ыдыс жуу, балалардың тәртібіне мұқият болу және тағысын-тағы. Жанеркенің үш қабатты үйдің әр бұрышымен танысып шығамын дегенше басы айналып кетті. «Мынадай зәулім үйде бар болғаны 4 адам тұрады екен. Ата-анасы, ұлы, қызы. Олар да кішкентай. Айналдырған төртеуіне сонша үлкен үйдің не қажеті бар? Мына үйге аядай екі бөлмеде тұратын отбасымен көшіп келсе, шіркін. Тоғызына бір бөлмеден емес, екі-үш бөлмеден келеді екен. Соның өзінде қанша бөлме бос. Көрші Әлима апайды бес баласымен көшіріп әкелсе де болады. Несі бар, зәулім үйде екі отбасы бірге тұрса бір-біріне кедергі болмайды. Оның үстіне Әлима апай сондай мейірімді…»

– Шаңсорғышты ұқыпты қолданыңыз.

– Әәә, иәәә, осыны ма? Қиялға беріліп кеткені сонша, асып-сасып қалды. Шаңсорғыш дегені өзі көріп жүргенінен бөлек. Биіктігі беліне келіп қалады. Үй иесі әрі қарай пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қолына ұстата қойып, өзі де нықтап түсіндірді. Түсінгені бұл қарапайым шаңсорғыш емес. Жиһазды да жуады, шаңды да да сүртеді. Әйтеуір бір ғажап нәрсе. Іске ұқыпты Жанерке үй жұмысына кірісіп кетті. Кешке дейін бір тынбады. Қолы қалт ете қалғанда, балалармен бірге ойнады. Бір бөлме толы ойын-шықты қызық көріп, өзі де бір сәт бала болып кеткенін білмей қалады. Мұлгіген тыныштық орнаған зәулім үйдің іші бір сәтке күлкіге көміліп қалды.

Г.МҰРАТ

Жалғасы келесі санда.

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4850 Тапсырыс №378

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ерсін ШАМШАДИН